

ДАЙДЖЕСТ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НОВАЦИЙ

Альманах научно-методических материалов

№ 8 май 2020

АЛМАТЫ
2020

УДК 378
ББК 74.58
Д 14

Рекомендовано к изданию
Ученым советом факультета довузовского образования

Рецензенты:

доктор филологических наук профессор *А.Е. Саденова*
доктор педагогических наук профессор *С.Б. Бегалиева*

Под общей редакцией доктора филологических наук профессора *Ж.А. Нуршаиховой*

Д 14 «Дайджест педагогических новаций»: Альманах / сост. Ж. Нуршаихова. — Алматы, 2020. — №8 апрель 2020. — 94 с.

ISBN 978-601-332-756-3

Восьмой номер альманаха «Дайджест педагогических новаций» посвящен 35-летнему юбилею кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби. Кафедра русского языка для иностранных граждан была основана в КазГУ им. С.М. Кирова в 1985 году.

В этом номере в первом разделе собраны научно-методические материалы ученых, работающих в области РКИ и КазКИ, а также труды преподавателей вузов, колледжей и школ Казахстана.

С первого номера (2013) в «Дайджесте...» публиковались поэтические и прозаические работы студентов и школьников, принимавших участие в творческом конкурсе «Мир и человек» на получение ежегодной стипендии имени Народного писателя Азильхана Нуршаихова. В 2019 году организаторы конкурса изменили его формат. На Конкурс-2019 и получение стипендии в этом году принимались художественные работы, иллюстрирующие роман А. Нуршаихова «Годы радости и любви». Репродукции некоторых из них публикуются в этом журнале.

Альманах состоит из следующих разделов: Юбилей кафедры. Наука и практика. Конкурс-2019. Лингвистические этюды. Любимая поэзия. Немного юмора. Наши юбилеры. Об авторах.

Тексты публикуются без изменения в авторской редакции.

УДК 378
ББК 74.58

ISBN 978-601-332-756-3

© Нуршаихова Ж.А., 2020
© Коллектив кафедры, 2020

Посвящается 35-летнему юбилею кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби (1985-2020)

**ДАЙДЖЕСТ
ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НОВАЦИЙ
СОДЕРЖАНИЕ**

☞ РАЗДЕЛ, ПОСВЯЩЕННЫЙ ЮБИЛЕЮ КАФЕДРЫ	
1. Нуршаихова Ж.А. О «Дайджесте педагогических новаций»	6
2. Саденова А.Е. Тағылымы ерен білім мекені	8
3. Нуршаихова Ж.А. Жизнь кафедры и кафедра в нашей жизни (35-летняя история кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовской подготовки КазНУ им. аль-Фараби	10
☞ РАЗДЕЛ 1. НАУКА И ПРАКТИКА	
4. Алимова Р.Т. Шет тілдік білім беруге үйретудегі пікірсайыстың түрлері мен сипаттамасы	15
5. Асылбекова Г.У. Көркем шығармаларда қолданылатын эпитет жайлы бірер сөз.	18
6. Akhmedova A.K. Study Of Categories Gender And Number Of Nouns In The Classroom Russian As A Foreign Language	22
7. Барлыбаева М.С. Современный урок в рамках обновленного начального образования	24
8. Берденова К. А. Мағжан ақынның дүниетаным әлемі	27
9. Досмайлова К.У. Қазақ тілін оқытудың тиімді жолдары	30
10. Ignatova E.R., Tolmacheva D.S., Sadenova A.E. Reading And Listening As A Forms Of Speech Activity For Foreigner Students, Studying The Kazakh And Russian Languages	33
11. Ихсанғалиева Г.К., Нуржанова Ж.С. Игровые технологии как одна из форм интегрированного обучения РКИ	38
12. Каскабасова Х.С. Психолингвистический аспект при обучении второму языку	41
13. Курманова Т.В., Азнабакиева М.А. Елтану материалдары негізінде шетелдік студенттердің тілдік құзіреттіліктерін қалыптастыру	46
14. Нарегеева А., Нұртілеуова С. Ерте жастан ағылшын тілін оқытудың ерекшеліктері мен әдіс-тәсілдері	49
15. Рүстембеков М.К., Асылбекова Н.Ө. Тілдік қарым-қатынас ұлттық мәдениеттің бір бөлігі	52
☞ РАЗДЕЛ 2. КОНКУРС-2019	
16. Мұсаева Г.Ә., Нұршайықова Ж.Ә., Саденова А.Е. «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы кейіпкерлер әлемі. Шығармашылық байқау-2019	57
17. Нуршаихова Ж.А., Мусаева Г.А., Саденова А.Е. Новый формат конкурса на стипендию имени Народного писателя РК Азильхана Нуршаихова	59
☞ РАЗДЕЛ 3. ЛИНГВИСТИЧЕСКИЕ ЭТЮДЫ	
18. Алтынбекова О.Б. «Такой волнительный день!»	63
«Это будет моя лучшая фильма!»	64
☞ РАЗДЕЛ 4. ЛЮБИМАЯ ПОЭЗИЯ	
19. Алтынбекова О.Б. Феномен русской поэзии в Казахстане: «Команда молодости нашей»	66

§ РАЗДЕЛ 5. ЧТО РУССКОМУ ЛЕГКО – ИНОСТРАНЦУ НЕ ПОНЯТЬ	
20. Статья из AdMe.ru 8 особенностей русского языка, которые могут вызвать у иностранцев приступ мигрени	83
§ РАЗДЕЛ 6. НАШИ ЮБИЛЯРЫ	
21. Торохтий Л.С. Молодые юбиляры кафедры	87
22. Дүйсенбаева Р. Ерен еңбек иесі	87
23. Койшыбаева Г.С. Алме Казмагамбетовой – 50!	90
24. Торохтий Л.С. Коллега – юбиляр!	91
§ РАЗДЕЛ 7. ОБ АВТОРАХ	
25. Авторы «Дайджеста педагогических новаций»	92

О «ДАЙДЖЕСТЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НОВАЦИЙ»

Ж.А. Нуршаихова
КазНУ им. аль-Фараби, Алматы

Восьмой номер альманаха «Дайджест педагогических новаций» посвящен 35-летию юбилею кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби.

В 2012 году кафедра языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования Казахского национального университета им. аль-Фараби впервые в Казахстане провела Республиканский фестиваль педагогических идей «Диагностика технологий в преподавании языков». С тех пор встречи подобного рода (фестивали, семинары, круглые столы, виртуальные конференции) стали площадкой для дискуссий по актуальным проблемам обучения казахскому и русскому языкам как иностранным.

На обсуждение выносились современные научно-методические технологии в области преподавания языков, участники обменивались передовыми методиками, знакомили и знакомились с новыми разработками. Появилась необходимость ежегодно собирать этот материал и сделать его доступным для заинтересованных лиц. То есть возникла необходимость издания ежегодного республиканского научно-методического журнала, в котором были бы представлены педагогические новации казахстанских лингвистов. В 2013 году вышел первый номер альманаха «Дайджест педагогических новаций».

Традицию совместных научных диспутов и издание журнала поддержала республиканская вузовская общественность, которая была представлена учеными ведущих университетов Казахстана (КазНУ им. аль-Фараби, КазНПУ им. Абая, КазУМОиМЯ им. Абылай хана, КазГосЖенПУ, КазНМУ им. С.Д. Асфендиярова, КазНПТУ им. К.И. Сатпаева, университет менеджмента, ПГУ имени С. Торайғырова (Павлодар), ТГУ им. М.Х. Дулати), присутствовавшими на Фестивале педагогических идей в 2012 году.

Радует также, что не остались равнодушными к вопросам преподавания языков и учителя казахстанских школ. Их ежегодное участие в наших конференциях, круглых столах показывает, что есть еще энтузиасты, неравнодушные учителя, которым небезразлично ЧТО и КАК они преподают, и они с удовольствием делятся своими разработками, методиками и технологиями.

Юбилейный альманах по-прежнему состоит из нескольких разделов. Первый раздел этого номера называется «Наука и практика».

Статьи, опубликованные в этом разделе, посвящены проблемам преподавания языков в национальной и иностранной аудитории. Раздел актуален в том плане, что до настоящего времени не существовало периодических изданий, посвященных комплексной дескрипции сущности преподавания второго языка во всем ее многообразии. С этой позиции переключка педагогических идей в преподавании языков становится той областью, которая способна заинтересовать не только преподавателей практического русского и казахского языков, но и ученых, занимающихся изучением когнитивных процессов в сознании инофонов, изучающих неродные языки.

Не вызывает сомнения и тот факт, что инновационные педагогические решения, описываемые авторами альманаха, могут быть применимы при разработке учебных пособий и презентаций по преподаванию языков.

Во втором разделе традиционно размещались лучшие поэтические и прозаические работы студентов и школьников, принимавших участие в творческом

конкурсе «Мир и человек» на получение ежегодной стипендии имени Народного писателя РК Азильхана Нуршаихова. Но формат прошедшего творческого Конкурса-2019 был изменен. Организаторы назвали его «Мир героев романа А. Нуршаихова «Годы радости и любви» и предложили участникам присылать художественные работы, представляющие собой иллюстрации к этому роману.

Третий раздел «Лингвистические этюды» продолжает вести наш постоянный автор, доктор филологических наук профессор О.Б. Алтынбекова.

В этом году раздел «Любимая поэзия» рассказывает о поколении поэтов и писателей разных национальностей, которые создали феномен русской литературы в Казахстане.

Ежегодно на «Страничке юмора» публиковались студенческие языковые курьезы, допускаемые иностранными студентами в речи. В этом году мы цитируем материалы из приложения AdMe.ru, в которых описываются трудности в усвоении русского языка.

Надеемся, что альманах «Дайджест педагогических новаций» с каждым годом приобретает известность и становится научно-методической трибуной преподавателя-лингвиста, стимулирующей к новым интересным идеям.

Желаю всем неугасающего творческого вдохновения!



*К 35-летию кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев
факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби*



ТАҒЫЛЫМЫ ЕРЕН БІЛІМ МЕКЕНІ

Қымбатты достар!

Биыл Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасының 35 жылдық мерейтойы!

Осы айтулы мерекемен Сіздерді шын жүректен құттықтаймын!

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарихында 1985 жылдан бастап бүгінге дейін 35 жылға жуық кафедра ұстаздары шетелдік түлектер легін білікті де, білімді етіп дайындап, қолынан түлетіп ұшырып келеді. 35 жылға жуық уақыт бойы білім әлемінде желкен керіп келе жатқан біздің кафедрамыз бүгінгі күні университеттегі бірден бір шетелдік жастардың басын қосатын, халықтың рухани жан дүниесін байытуға өз үлесін тигізетін, білім алғысы келетін әрбір шетелдік азаматқа өзіміздің ұлттық ерекшеліктерімізді сақтай, ескере отырып, бағыт-бағдар беруші руханият мекеніне айналып отыр.

Заманымыздың заңғар жазушысы М. Әуезов: «Адам мен адамды, ел мен елді теңестіретін нәрсе – білім» деген екен. Әлемнің Германия, Испания, Италия, АҚШ, Швейцария, Дания, Франция, Жапония, Қытай, Корея, Ауғанстан, Вьетнам және басқа да шетелдерінен қазақ және орыс тілдерін оқу үшін Қазақстанға келген жүздері басқа болғанымен жүректері білім мен өнерге құштар, тілдері басқа болғанымен тілектері тоғысқан шетелдік жастар қара шаңырақ әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру дайындығы кафедрасында бір үйдің баласындай тату-тәтті білім алып жатыр. Орта ғасырда өмір сүрген Жүсіп Баласағұн: «Өнер, білім – қос қанаты адамның, осыменен білерсің тілін ғаламның», - деп жазып кеткеніндей, кафедраның педагогикалық қабілеттіліктері жоғары және ұстаздық өрелері биік профессор-оқытушы құрамы әр жастың жүрек қалауын терең зерделеп, оқуға деген қызығушылық танытқан шетелдік азаматтардың таным көкжиектерін кеңейту бағытында үлес қосып келеді. Көптеген шетелдік студенттерді қазақ және орыс тілдерін меңгеруге ынталандырып, әр түрлі деңгейдегі білімге деген сұраныстарын қанағаттандырып, тілді биік дәрежеде үйретіп, кәсіби әрі шебер білім беру әлемінде жоғары деңгейде аянбай еңбек етіп, білім беруде.

Ұлттың дамуы – білім құндылықтарынан бастау алады десек, осыдан 35 жыл бұрын бой көтерген бұл кафедра бүгінде шетелдік жастарға лайықты білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салатын білім мекеніне, университетіміздегі ең беделді кафедраның біріне айналды. Тамыры бекіген кафедрамыз бүгінгі күнде көркейіп, озық та инновациялық технологиялар мен білікті қызметкерлердің ерен еңбегінің арқасында жаңару үстіндегі білім мекеніне айналып, дамуын жалғастыруда.

Ғылыми дәрежесі шыңға шырқаған ғалымдарымыз бен білікті оқытушыларымыздың арқасында кафедрамыз әлемнің көптеген дамыған мемлекеттерінің елшіліктерімен, жоғары оқу орындары және білім беру орталықтарымен берік ынтымақтастық қатынас құрып, өз абыройы мен беделін шартарапқа тарату жолында жемісті еңбек етуде.

Шетелден келген шәкірттер білімнің бастауын осы ұстаздардан алып, биік белестерге көтеріліп, ұлттық тілімізбен, өнерімізбен және тіл мәдениетімізбен танысып, білімдерін ұштауда зор жетістіктерге жеткеніне қуанып, өз алғыстарын білдіріп келеді.

Кафедра 35 жыл ішінде талай асулардан, күрделі кезеңдер мен қилы жолдардан өтті. Осы жылдар ішінде мыңдаған шетелдік жастар білім алып, қияға қанат қақты. Кафедра түлектері таяу және алыс шетелдерде жемісті қызмет етуде.

Кафедраға табысты да мақсатты дамуды, дәстүр жалғастығын, абырой-беделі мен мәртебе-мерейінің асқақтай түсуін, ұстаздарға зор денсаулық, рухани күш-қуат, шығармашылық белсенділік және табысты еңбек, ал студенттерге білім жолында шыдамдылық пен зор күш-жігер тілеймін!

Алар асуларыңыз бен белестеріңіз көп болсын! Білім мен ғылымның деңгейін арттыруда атқарып жатқан еңселі еңбектеріңіз табысты болсын!

Ізгі ниетпен,
Шетелдіктердің тілдік және жалпы білім беру
дайындығы кафедрасының меңгерушісі,
филология ғылымдарының докторы
А.Е. Саденова



ЖИЗНЬ КАФЕДРЫ И КАФЕДРА В НАШЕЙ ЖИЗНИ

(35-летняя история кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби)

Ж.А. Нуршаихова

КазНУ им. аль-Фараби, Алматы

Для кафедры языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби этот год – юбилейный. 35 лет назад в 1985 году в КазГУ им. С.М. Кирова была основана кафедра РКИ (русский как иностранный), которую возглавил к.ф.н. доцент Герман В.А.

Он начал работу фактически с нуля: преподавателей на кафедру собирал по крупинке, с любовью в течение 2-х лет и создал замечательный коллектив, который в перспективе должен был стать научно-методическим центром языковой подготовки иностранцев в Казахстане. На должность преподавателей были приглашены выпускники УДН им. М.Тореза – Гайворон С.К., Друзь А.В., Кривенко В.В., Нурмухамбетов Е.К., выпускники МГУ – Айтпаева А.С., Жуламанова И.Г., Кильдюшова И.В., ЛГУ – Шуховцова Т.А., закончившая аспирантуру в Московском пединституте им. Н.К.Крупской – к.ф.н. Валеева У.К., выпускница Абаканского университета – Екшембева Л.В., а также молодые и перспективные преподаватели КазГУ и других вузов Алма-Аты: Аскарлова Ж.А., Катаева Л.А., Курышжанова А., Нуршаихова Ж.А., Пак Е.А., Саина С.Т., Сапронова И.И., Степанова Е.М., Торохтий Л.С. и др. Мы преподавали русский язык иностранцам в абсолютно интернациональном составе.

Кафедра была основана в советский период, пережила перестройку, несколько раз меняла свой состав, сменила нескольких руководителей, но сохранила свое ядро, свою атмосферу. Преподаватели менялись вместе с кафедрой: защищали кандидатские, докторские диссертации, создавали новые учебники и учебные пособия. Идеи и технологии, рожденные в научных трудах коллектива кафедры, применялись в практической работе в аудитории.

В России ко времени образования нашей кафедры уже более 30 лет существовала методика РКИ. Выпускники УДН, работавшие на кафедре и специальностью которых был русский язык как иностранный, учили остальных членов кафедры азам преподавания иностранцам. Мы были как щенята, которых бросили в воду, чтобы научить плавать. Мы учили, учась. Первые наши студенты были для нас своеобразным экспериментальным полигоном. У нас был знаменитый учебный комплекс «Старт» для подготовительных факультетов вузов СССР, благодаря которому мы начинали познавать новый для нас мир русского языка с позиции преподавания РКИ. Работа первого поколения нашей кафедры конца 80-х годов проходила в неповторимой атмосфере творчества, увлеченности своим делом, понимания социальной значимости своей профессии.

Проблема преобразования мысли, идеи, технологии в готовый продукт – вот задача, над которой все мы сообща трудимся вот уже 35 лет. Актуализация этой проблемы требует соответствующих подходов и интерпретаций. Более 200 коллективных работ: монографии, сборники научных трудов / материалы международных конференций, проведенных кафедрой, учебники, учебные пособия, 8 номеров альманаха «Дайджест педагогических новаций», – все это демонстрирует усилия коллектива по формированию научной базы теории усвоения РКИ и КазКИ и обозначает ту теоретическую платформу, на которой строится практика преподавания второго языка.

Период с 1985 года (в этом году была основана кафедра РКИ) по настоящее время можно назвать периодом становления прикладного направления в казахстанской русистике – теоретической и практической лингвистики как теории усвоения РКИ.

Если РКИ как научное направление уже существовало в России много лет, для Казахстана оно явилось новым. Его необходимо было развивать в местных условиях дву- и полиязычия при наличии экстралингвистических факторов, связанных с политическими, экономическими, культурными, ментальными изменениями в жизни республики конца 20 – начала 21 века. И коллектив кафедры трудился и трудится над этим.

Нас интересует функционально-коммуникативное пространство, которое представляет собой неразрывное единство двух начал: теории и практики обучения языкам. Функционально-коммуникативный лингводидактический подход предполагает активное усвоение языка: понимание устных сообщений и письменных текстов, а также продуцирование устной и письменной речи.

Сейчас можно с уверенностью сказать, что на кафедре сложилась своя научно-методическая школа по исследованию вопросов усвоения неродного языка, теоретические положения которой полностью нашли применение в аудиторной работе со студентами. Точнее можно сказать, что научно-методические поиски того, как донести до студента новый язык, как сделать знакомство, а затем и дружбу с этим языком – праздником, нашли отражение в теоретических изысканиях наших коллег. Тематика докторских и кандидатских диссертаций членов кафедры, защищенных за эти годы, наглядно демонстрирует это:

докторские диссертации:

1. Языковые модули и овладение языком – Л. Екшембеева, 2000 (научный консультант – д.филол.н. профессор Э.Д. Сулейменова);
2. Теория алгоритмизированного синтаксиса – Ж. Нуршаихова, 2003 (научный консультант – д.филол.н. профессор Э.Д. Сулейменова);
3. Интегративная теория усвоения неродного языка – Г. Утебалиева, 2007 (научный консультант – д.филол.н. профессор Э.Д. Сулейменова);
4. Предикатоцентрическая теория усвоения второго языка – А. Агманова, 2008 (научный консультант – д.филол.н. профессор Э.Д. Сулейменова);
5. Диалогтық дискурс: қазақ тілін деңгейлік меңгеру – А. Саденова, 2010 (научный консультант – д.филол.н. профессор Ж.А. Нуршаихова);
6. Когнитивные и психолингвистические механизмы формирования имиджа Казахстана – Г. Ихсангалиева, 2010 (научный консультант – д.филол.н. профессор Шаймерденова Н.Ж.);
7. Теория и практика ортологии: грамматические основы отонимических наименований – У. Мусабекова, 2010 (научный консультант – д. филол.н., профессор Н.Ж. Шаймерденова).

кандидатские диссертации:

1. Обучение студентов-иностранцев аудированию на русском языке в учебно-профессиональной сфере общения – К. Якубаева, 2001 (научный руководитель – д.пед.н. профессор У.А. Жанпейсова);
2. Цветовая палитра мира и культурно-фоновые знания – Ж. Нуржанова, 2001 (научный руководитель – д.филол.н. профессор Н.Ж.Шаймерденова);
3. Коммуникативно-семантические группы в разноструктурных языках – И. Жуламанова, 2002 (научный руководитель – д.филол.н., профессор Э.Д.Сулейменова);
4. Стратегическая компетенция во втором языке – Г. Утебалиева, 2002 (научный руководитель – д.филол.н., профессор Э.Д. Сулейменова);

- 5 Философские аспекты современной историко-художественной прозы Казахстана и Средней Азии. – *Д. Толмачева* (научный руководитель – акад. З.А. Ахметов);
- 6 Семантика одоративных единиц и образно-перцептивные стереотипы – *У. Мусабекова*, 2004 (научный руководитель – д.филол.н., профессор Н.Ж. Шаймерденова);
- 7 Семантика жестов: национальная и универсальная природа – *М. Ешимов*, 2004 (научный руководитель – д.филол.н., профессор Г.Б. Мадиева);
- 8 Романы Ю.В. Бондарева 70-х – первой половины 80-х годов (проблемы жанра) – *Е. Игнатова*, Москва (научный руководитель – к.филол.н доцент К.С. Курова);
- 9 Парономатические варианты слова – *М.И. Акберди*, 2005 (научный руководитель – д.филол.н., профессор Э.Д. Сулейменова);
- 10 Виртуализация казахского предложения с целью усвоения – *Г. Мусаева*, 2006 (научный руководитель – д.филол.н., профессор Ж.А.Нуршаихова);
- 11 Теледидар тілінің лингво-прагматикалық аспектілері – *Г. Машинбаева*, 2007 (научный руководитель – д.филол.н., профессор Б. Момынова);
- 12 Вербализация проксемного поведения в языке художественной литературы – *А. Казмагамбетова*, 2007 (научный руководитель – д.филол.н., профессор Н.Ж. Шаймерденова);
- 13 Қазақ тіліндегі тұрмыстық лексиканың қатысымдық сипаты – *Ж.Ибраимова*, 2009 (научный руководитель – д. филол. н. Ф.Ш. Оразбаева).

Все перечисленные труды являются научной базой теории усвоения второго языка и разработанных в диссертациях инновационных технологий, используемых на занятиях по РКИ и КазКИ на факультете довузовского образования КазНУ им. аль-Фараби.

С начала 90-х годов иностранные граждане начали проявлять интерес к государственному языку. Это послужило толчком для развития нового направления в казахстанской лингвистике – КазКИ (казахский язык как иностранный) и повлекло за собой необходимость решения массы новых задач: обоснование методической концепции преподавания КазКИ, создание программ, учебников и учебных пособий, адресованных новой категории учащихся. С этого времени теория и практика усвоения неродного языка иностранцами начинает развиваться на кафедре в двух направлениях – РКИ и КазКИ.

Хотелось бы особенно подчеркнуть, что все научные труды, защищенные нашими коллегами и опубликованные в статьях и монографиях, а также реализованные в учебных пособиях – это не разрозненные труды, это главы одной большой книги, соединенные общей идеей, общей композицией. Это монолит, составляющий основательную научную базу теории усвоения КазКИ и РКИ в Казахстане именно потому, что рождены они в самом процессе работы в иностранной аудитории.

Профессор М.И. Конюшкевич (Беларусь) в одном из своих отзывов писала – «эти диссертации (перечисленные выше докторские исследования) представляют собой национальную научную школу казахстанской русистики, подчиняющей теоретические разработки прагматическим задачам развития в Республике Казахстан гармоничного двуязычия».

Методики новых технологий обучения, разработанные в результате перечисленных научных исследований, внедряются в учебный процесс кафедрой языковой и общеобразовательной подготовки иностранцев факультета довузовского образования Казахского национального университета им. аль-Фараби. К этим технологиям мы относим:

1. структурирование простого предложения на начальном этапе обучения (отражено в учебном пособии для ВКЯ (введение в казахский язык для студентов, изучающих русский язык) Ж. Нуршаиховой, Г. Мусаевой «Бастау...», в учебном пособии Ж. Нуршаиховой «Анатомия русского предложения», в учебнике Г. Мусаевой «Қазақ тілі – шет тілі ретінде» (Базалық деңгей-1);
2. алгоритмизированная технология презентации грамматического материала (отражено в учебной программе «Практический русский язык» Ж. Нуршаиховой, У. Валеевой и др.; в учебном пособии Ж. Нуршаиховой «Анатомия русского предложения», в учебниках Г. Мусаевой «Қазақ тілі – шет тілі ретінде» (Базалық деңгей-1); «Қазақ тілі – шет тілі ретінде» (Жалғастырушы деңгей-2);
3. модульная технология, основанная на модульном представлении языковых знаний через представление пространства коммуникации как системы модулей (используется на практических занятиях по русскому языку для иностранцев);
4. гипертекстовая технология использована при составлении учебного пособия для продвинутого уровня обучения (уровня В₂) с тем, чтобы студент при усвоении материала двигался по смысловому пространству гипертекста в разных направлениях (отражено в учебном пособии Ж.Нуршаиховой, У.Валеевой «Люди мира», «Этнокультурная коммуникация в монологах и диалогах»);
5. динамическая модель усвоения, основанная на преодолении линейности в презентации учебного материала и внедрении многоуровневой презентации, позволяющей учитывать индивидуальные стратегии и стили обучения (используется на практических занятиях по русскому языку для иностранцев и отражены в большом количестве учебных пособий и статей коллектива кафедры);
6. интегративный метод вовлечения инофона в процесс усвоения языка путем активизации его способностей (в учебных пособиях);
7. использование мультимедийных средств обучения (отражено в учебном пособии Т.А.Шуховцовой «Деятели русской культуры в Казахстане» и интерактивном учебном пособии Ж. Нуршаиховой и Г. Мусаевой «Қазақ тілі»);
8. интерактивные методики (используются практически на всех занятиях по русскому и казахскому языкам для иностранцев (отражены в многочисленных учебных пособиях и статьях по всем предметам, преподаваемым на факультете).

Таким образом, можно сказать, что происходящие в настоящее время интеграционные процессы, активно проявляющиеся и усиливающиеся во всех сферах человеческой деятельности, отражаются и в практике преподавания РКИ и КазКИ на нашей кафедре.

Расширение международных связей, интернационализация всех сфер общественной, политической и экономической деятельности Казахстана вызвало серьезный интерес к нашей стране во всем мире. И наш труд, раньше державшийся лишь на горстке энтузиастов-практиков, из года в год становится все более осозанным, коммуникативным, более полагающимся на новейшие научные разработки, авторами которых являются члены нашего коллектива.

Всплеск интереса к науке и методическим новинкам вызван в первую очередь тем, что языки преподавания (казахский и русский как иностранные) стали реально востребованными. Стремление государств к использованию единого информационного пространства усиливает роль и значение казахского и русского языков как иностранных. Эти языки становятся необходимым инструментом для коммуникации, для получения профессии, для получения знаний о сильной стране, имеющей политический и экономический вес в мире.

Отсюда возникает необходимость усиления основ преподавания казахского и русского языков как иностранных, использования новейших технологий обучения,

разработанных на международном уровне и активно используемых в образовательных системах различных стран. Вот к этому нам надо идти. И к этому мы и идем.

Рассматривая тенденции развития современного языкового образования, важно отметить, что главной целью усвоения иностранного языка является сегодня не только языковая компетенция, связанная с овладением четырьмя видами речевой деятельности, но и способность инофонов к коммуникативному общению, усвоение навыков их практического применения, знакомство со страноведческими и культурными реалиями. А это в свою очередь подводит к решению вопросов, связанных с межкультурным диалогом.

Коммуникативная компетенция неразрывно связана с понятием межкультурная компетенция. В условиях заинтересованности современного языкового образования проблемами диалога культур, мы должны уметь ориентироваться в широком спектре современных инновационных технологий, направлений, в создании которых и мы принимаем посильное участие и которые позволяют по-новому конструировать поле нашей деятельности. Особый интерес для практики преподавания языков как иностранных представляют технологии, обеспечивающие эффективные условия для формирования межкультурной коммуникативной компетенции инофонов. И наши научные изыскания мы стараемся повернуть лицом к практике, отражая в учебных пособиях, методических разработках современные лингвометодические и лингвокультурологические тенденции. Начало давно положено. Необходимо не останавливаться и двигаться дальше.

За эти годы кафедра изменилась. Ушли одни – пришли другие. Научно созрело и стало вести кафедру новое поколение.

Если говорить о перспективах работы кафедры, то хотелось бы увидеть более крепкую связь между богатейшими теоретическими наработками и методическим их воплощением. Для этого мы должны создавать свои учебные комплексы, базирующиеся на уже разработанных учеными кафедры оригинальных теоретических положениях, используя материалы страноведческого и культуроведческого характера.

У нас талантливые преподаватели, чей методический опыт, помноженный на знания из теории алгоритмизированного синтаксиса, теории модулей, теории предикатоцентризма, диалогического дискурса, коммуникативной стратегии и виртуализации как русского, так и казахского предложения, может дать ощутимые результаты в виде учебно-методических комплексов как для начального, так и для продвинутого уровней обучения РКИ, КазКИ и аспектного обучения.

РАЗДЕЛ 1 § НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЕ МАТЕРИАЛЫ

§
**ШЕТ ТІЛДІК БІЛІМ БЕРУГЕ ҮЙРЕТУДЕГІ
ПІКІРСАЙЫСТЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН СИПАТТАМАСЫ**

Р.Т. Алимова

колледж КазНУ им. аль-Фараби, Алматы

Пікірсайыс оқу материалының пәндік мазмұнымен жұмыс істеу тәсілі ретінде әдістемелік және дидактикалық құралдардың аса ірі бөлігін құрайды. Оқу пікірсайыстың түрлерін қарастыруда психология, педагогика, әдістеме саласындағы мағлұматтарды қарап зерттейік.

I. Педагог пен үйренушілердің диалогы үйренушілердің дербестігін үздіксіз арттыруды, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Осыған сай талқылауға қатысушылардың жігерлігінің өсуі деңгейіне қарай төмендегідей қатарды құруға болады:

- 1) Жұмыстың дәстүрлі әдістері.
- 2) Педагогтың басты айқындама ұстанымы бойынша ұйымдастырылатын пікірсайыс.
- 3) Жүргізуші роліндегі оқушылармен пікірсайыс.
- 4) Жүргізушісіз пікірсайыс (өз бетімен ұйымдастырылатын) [1].

Пікірсайыстың әрбір түрі алдыңғы түрінен жайлап кейінгі түріне енеді, соңғы түрі қатысушылардың қатысымдық мәдениеті мен ұйымдастырудың жоғары дейгейін (өз бетімен ұйымдастыру) игеруді талап етеді. Жалпы түрде бұл пікірсайыстарды басқарылатын және басқарылмайтын деп сипаттауға болады [2]. Сонымен бірге топтық пікірсайыстың басқарылмайтын түрі мақсаты айтылып, ары қарай оның өткізілу барысы түзетілмейтін және жүргізушінің (немесе оқытушының) араласуын қажет етпейтін топтағы талқылауды жүргізудің типтік түрі болады.

II. Пікірсайыстың оқу мақсаттылығына орай жеке жұмыс кезінде оқушылар арқылы өңделетін ақпаратты жеткізу түрлерін, топпен және ұжымдық талқылаудың жұмысын арнайы атап өтуді Г.М.Гауриева өз зерттеуінде жөн деп санайды [3]. Оның ойы бойынша бұл топтастыру төмендегідей болады деп тізімдейді:

1. Материалды театр түрінде жеткізу (қойылымдар, видеосюжеттер).
2. Дәрістік (педагогтың өзі немесе шақырылған маманның дәріс оқуы).
3. Деректі (кино мен видеофильмдерді көру, кітапханадағы дайындық жұмысы немесе пікірсайыс кезіндегі ресми қаулыларды, нұсқаулықтарды, келісім шарттарды, диаграммаларды зерттеу).
4. Ойын түрінде.
5. Қатысушының жеке тәжірибесі. [4].

III. Сыртқы белгілеріне қарай В.А. Скалкин мен Г.А. Рубинштейн [5.] оқу пікірсайысын төмендегідей түрде топтастырады: тақырыптық және тақырыптық емес, алдын ала дайындалған және спонтанды, арнайы ұйымдастырылған немесе басқа жұмыс тәсілдерімен бірге байланысып жүргізілген.

IV. Мақсат бағыты бойынша пікірсайыстың төмендегідей түрлерін ажыратады:

1. Жүргізушінің пікірсайыс барысында қатысушыларды жалпы келісімге алып келетін пікірсайыстың бұйрықты түрі.
 1. Қарама қайшы ой-пікірлердің анық тұжырымдалуын көздейтін пікірсайыстың конфронтациялық түрі.
 2. Пікірсайыс барысында қатысушылардың даулы мәселенің мәнін түсінуге мүмкіндік беретін материалды алдын алуға арналған пікірсайыстың ақпараттық түрі.

V. Олардың нәтижелері бойынша төмендегідей бөледі:

1. Нәтижелі пікірсайыс (пікірсайыстың барлық қатысушылары үшін дәлелденген бір ой-пікірді қабылдаған кезде).
2. «Тепе-тең» пікірсайыс (пікірсайыс мүшелері өз ойларында қалған кезде).
3. Айқын емес пікірсайыс (даулы мәселенің шешілмеген болып қалған жағдайда).

М.В.Кларин пікірсайысты жүргізу тәжірибесін сипаттайтын материалдарды жалпылай келе, оларды біріктіретін үш үлгісін ажыратады:

I. Жобаларды ұсынумен болатын мәселелі пікірсайыс;

II. Еліктеу пікірсайысы;

III. Оқу талас-диалогы ретіндегі бағытталған пікірсайыс [4].

I. Жобаларды ұсынумен болатын мәселелі пікірсайыс. Бұл үлгі өзінің мақсаты ретінде қойылған мәселенің нақты шешімдерін, берілген мәселелік жағдаяттан шығудан анық нұсқауларын алуды көздейді.

Жоғарыда көрсетілген үлгінің бірқатар нұсқауларын қарастырайық:

1. «Дөңгелек үстел»

Пікірсайыстың назар аударылатын бөлігі үлкен емес арнайы жекеленген топ болады. Бірақ пікір алмасу оның қатысушылары арасында да, аудиториямен де болады.

2. «Эксперт тобының отырысы»

Белгіленген мәселе бойынша ой алмасу шағын эксперт тобы ішінде болады, ал сосын әрбір қатысушы талқылауға қатыспаған аудиторияның алдында өзінің ұстанған айқындама көзқарасы жөнінде хабарлап айтады.

3. «Форум» алдыңғы түрінен ерекшеленетін тек бір айырмашылығы баяндаушы сөзінен кейін пікір алмасуға шығатын аудиторияның белсенді ұстанымы болып табылады.

4. «Симпозиум»

Пікірсайыс барысында дайындалған қатысушылардың өз жобаларын мазмұндайтын, кейін аудитория сұрақтарына жауап беретін ресми түрдегі талқылауды айтады.

5. «Аквариум»

Педагог қатысушыларды (4-5 адамнан) микрогруппаға бөледі, топ әрқайсысы қойылған мәселенің шешімін көрсететін жобаны ойластырады. Талқылауға топтың атынан бір ғана өкілі шығады, сол уақыттан бастап қалған қатысушылар дауыс беру құқығынан айрылады және топтық ұстанымын қорғауға көмектесе алатын кеңестерін, ұсыныстарын, ескертулерін өзінің қорғаушысына беру үшін тек қысқа хат арқылы ғана жасай алады.

II. Еліктеу пікірсайысы. Пікірсайыстың ойындық еліктеуіш үлгілеудің элементтерімен үйлесуі үлкен мүмкіндіктер береді, ол талқылаудың шынайы құбылыстардың зерттелетін барлық жақтарына жақындауына жағдай туғызады. Аталған үлгіде талқылаудың негізі ретінде мемлекеттік мекемелердің, әсіресе басқару органдары және қоғамдық мекемелердің қызметін қатысушылар арқылы үлгілеу болып табылады.

1. «Конференция»

Жүргізуші кездесудің тақырыбын жариялайды, көбінесе ол қандай да бір тарихи оқиға болады. Пікірсайыс қатысушылары топқа бөлінеді, оның әрқайсысында жалпыға ортақ ақпарат, басқа топтарға мәлім емес бірқатар қол жетерлік емес мәліметтер және өзіне берілген тапсырмасы бар..

2. «Сот отырысы» - соттың істі қарауын көрсететін талқылау (істің тыңдалуы)

III. Оқу талас-диалогы ретіндегі бағытталған пікірсайыс.

Басқарылатын пікірсайыстың осы түрінің құрылып дайындалуы АҚШ пен Канадада XX-ғасырдың 80-ші жылдарында Д.Джонсонның жетекшілігімен болған психолог пен педагогтардың зерттеулерінде жүргізілді [6]. Әдістемелік жағынан Я.Колкер, Е.С. Устинова мен Т.М. Еналиеваның практикалық нұсқаулары назар аудартады [7].

Оқу талас-диалогында үйренушілердің іс-әрекеті оқылатын мәліметтерді көкейтесті ету және ауызша қайта жаңғырту, өзінің ойын қорғау, пікірсайыс бойынша серіктестерімен білім алмасуды қамтиды. Мұнда сонымен бірге талдау, сын баға, ақпаратты іріктеу, индукциялық және дедукциялық ой қорытындысы, жүйелеу, бар мәліметтерді біріктіру, нақты және қорытынды тұжырым жасау және, ақырында, барлық жақтың келісімін тудыратын жалпы, қорытынды ой кіреді.

1. Теледидарлық ток-шоу стиліндегі пікірсайыс

Бірнеше адам аудиторияның қатысуымен мәселені талқылайды. Пікірсайысты жүргізудің бұл түрі өзінде дәрістің артықшылығын және топтағы пікірсайысты бірге қолданады. Үш-бес адамнан тұратын топ алдын ала таңдалған тақырып бойынша пікірсайысты басқа қатысушылардың қатысуымен жүргізеді. Көрермендер кейін талылауға қатысады: олар өз ойларын айтады немесе сұхбат қатысушыларына сұрақтар қояды.

2. «Миға шабуыл»

«Миға шабуыл» барлық қатысушылардың ойларын еркін білдіру жолы арқылы іске асатын ұжымдық талқылаудың, шешімді табудың тиімді әдісі болып табылады.

Бұл әдісті жарнама агентігінің қызметкерлері алғаш рет қолданған, олар қойылған тапсырманы тез әрі тиімді шешу үшін топ адамдарының өзінің интеллектуалды мүмкіндіктерін пайдалануға мүмкіндік беретін әдіс ретінде анықтады.

«Миға шабуыл» ұстанымы күрделі емес. Топ адамдары жиналады. Олардың алдына берілген мәселені шешу жөнінде өз ойларын айту тапсырма- сын қояды. Ешкім осы кезеңде «шабуылдың» басқа қатысушылардың пікірлері туралы өз ойын айтуға немесе бағалауға құқысы жоқ.

Шетел тілі сабақтарында пікірсайысқа үйретуде оның түрлерін үйлесімді қолдана алу білім алушылардың өздігінен іздену іс-әрекетіне талпындыратын жаңа қажеттіліктер мен түрткі себептің тудыруына мүмкіндік ашады, қарым-қатынастағы психологиялық және қатысымдық кедергілерді жеңуге көмектеседі, мәдениетаралық құзыреттілігін дамытады және өз өзін бағалау қабілеттерін арттырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Ахметова Г.Ш. Обучение диалогической речи студентов – будущих менеджеров. Дисс. ... канд.пед. наук: 13.00.02. Алматы, 2001. – 135с.
- 2 Богомолова Н.Н., Петровская Л.А. Групповая дискуссия// Социально-психологический климат коллектива. М.: Наука 1981 – С.41-76.
- 3 Гауриева Г.М. Обучение дискуссии студентов старших курсов языкового вуза на материале художественных текстов. Дисс. ... канд.пед. наук: 13.00.02. Алматы, 2004. – 170 с.
- 4 Кларин М.В. Инновации в обучении: метафоры и моделей: Анализ зарубежного опыта М., 1997. – 223 с.
- 5 Скалкин В.Л., Рубинштейн Г.А. Учебная дискуссия как средство развития неподготовленной речи // Иностранные языки в школе, 1969, №6. – С. 58-60.
- 6 Д. Джонсон, Р. Джонсон, Э. Джонсон-Холубек. Методы обучения. Обучение в сотрудничестве / Пер. с англ. З. С. Замчук. СПб.: Экономическая школа, 2001. – 256 с.
- 7 Колкер, Е.С. Устинова, Т.М. Еналиева Т.М. Практическая методика обучения иностранного языку. М.: Академия, 2000. – 264 с.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ЭПИТЕТ ЖАЙЛЫ БІРЕР СӨЗ

Г.У. Асильбекова

Ы. Алтынсарин атындағы №49 мектеп-гимназияның мұғалімі, Тараз

Халық тілі – бай қазына. Ол ешқашан таусылмайтын, сарқылуды білмейтін шикізат іспетті. Тек одан керегінді ал да, жарата біл. Бірақ мән – мағынасы, атқаратын қызметі, бейнелік сипаты жағынан тілдегі сөздер мен конструкциялардың барлығы бірдей емес. Олардың кейбіреулері бейтарап мағыналы, «ресми» сипатта болып келсе, ал екінші біреулері өз жаратылысында бейнелі ұғыммен астасып жатады да, мен мұндалып, жарқырап, жайнап тұрады.

Тіл – сөздердің жиынтығы. Ол сөздердің ішінде терең ой, нәзік сезім, асқақ көңіл, өжет ерлік, ұяң әдеп, тағы басқа адам мінезіне тән ерекшеліктерді суреттеуге керекті тамаша көркемдері де, құлаққа түрпідей тиетін, дөкір, қоқыстары да бар. Көп сөздердің астарлы мағынасы да болады. Демек, сөз шеберлігінің бүркенгенін ашып, бүккенін жазу үшін де көркем тілдің ерекшеліктері мен жасалу жолдарын тексере білуіміз керек.

Тіл - адамдардың өзара түсінісу, қатынас құралы болумен қатар, ол – қоғам мен табиғат құбылыстарының, адамның рухани өмірінің айнасы. Осы ретте тіліміздегі сөздердің эпитеттік мәнде қолданылуы - ерекше назар аударуды талап ететін мәселе.

Эпитет – адамның, яки заттың немесе табиғат құбылыстарының өзгеше белгілерін мәнерлеп, көрсету, олардың бейнелерін көз алдына елестету, ой қиялына әсер ету үшін қолданылады. Эпитет барлық халықтың фольклорында, жазба әдебиетінде де кеңінен орын алып, әдеби персонаждардың портретін жасауда, табиғат көріністерін суреттеуде, кейіпкерлердің мінез – құлқын, іс - әрекеттерін сипаттауда, ұтымды стильдік тәсіл ретінде мейлінше мол пайдаланылады.

Жалпы тіл білімінде «эпитет» жайлы бір арнаға түскен көзқарас жоқ деуге болады. Біреулер эпитетті таза стильдік тұрғыдан түсіндірсе, екіншілері көркем әдебиет, грамматика тұрғысынан қарастырады. Кейбір лингвистикалық еңбектерде эпитетті көркем анықтауыш, троптың бір түрі десе, келесі ғалымдар жалпы кез – келген анықтауыш эпитеттің қызметін атқара алады деп өте кең түрде түсінеді. Тілшілеріміз де, әдебиетшілеріміз де эпитет мәселесін өз алдына нысанаға алып, әңгімесінде арнайы арқау еткен емес, тек бағдарламаға сәйкес кейбір оқулықтармен зерттеулердің ішінде, көбіне қаға берісте жалпыға мәлім жайларынан сөз болған.

«Эпитет» термині – ежелгі Греция мен Рим заманындағы зерттеулерден белгілі. Зерттеулер мен оқулықтарда эпитетті алғаш сөз еткен ерте дүниенің данышпан ойшылы Аристотель, Квинтилиян, Гермоген, Деметрия, Аристотель «Риторика» еңбегінде эпитет мәселесіне біршама тоқтала келіп, эпитетті поэтикалық сөйлеуге жатқызады. Квинтилиян эпитетті сөз мағынасын кеңейту үшін пайдаланылатындығын, эпитетсіз сөйлемнің еш әсері жоқ жалаң болатындығына тоқталады.

Эпитет гректің «қоса тіркеу, қосамын» деген сөзінен шыққан. Эпитетті, фразеологиялық тіркестермен, синонимдермен қоса жалпы тіл білімінің алтын қорына тектен текке жатқызбайды.

Эпитет дегеніміз – көркем анықтауыш. Көркем анықтауыш пен әдеттегі логикалық анықтауыш бір нәрсе емес. Олардың арасында өзара үлкен айырмашылық бар. Мәселен: ақ қар, жұмсақ қар десек, жай анықтауыш болады. Ал егер, ұлпа қар, мамық қар десек көркем анықтауыш, эпитет болады. Кәдімгі эпитеттерді өз атымен атамай көркем анықтауыш деп айтудан келер пайда барма? Әрине бар. Себебі: 1) эпитеттерді эпитет демей жоғарыдағыша атау, олардың шын сынын, табиғатын, қолдану мақсатын толық түсінуге мүмкіндік береді; 2) әдебиетте зерттеушілердің барлығы дерлік эпитеттің сөйлем мүшесі, тұрғысынан алып қарағанда, көбінесе болатындығын мойындайды.

Сонымен эпитетті кейбір зерттеушілердің айтқанындай, кез – келген анықтауыш емес, көркем анықтауыштар, яғни, оқушының жан дүниесін баурап алатын бейнелі, образды сөздер мен сөз тіркестері деп білеміз.

Тұрақты эпитеттер халық ауыз әдебиетінде, эпостық, лиро – эпостық жырларда, ертегілерде, толғауларда көптеп кездеседі. Тұрақты эпитет дегеніміз – бір затқа тұрақталып бекітілген үнемі сол сөзбен тіркесіп айтылатын сөз немесе сөз тіркесі. Мысалы: алтын күн, мидай жазық дала, алтын нұр, шыбын жан, т.б. бейнелі образды сөз тіркестерін келтіруге болады. Ал шалқар көл, нулы жер, жібек жел, күміс су, зәрлі дем, зеңгір аспан, меңіреу дала десек бұлар еркін эпитеттер болып табылады, өйткені сөз тіркесінің құрамындағы сөздер бір – бірімен еркін байланысқан. Теңеулік эпитеттер дегеніміз – заттың әр түрлі сынын, сапасын, қасиетін, басқа да толып жатқан айырым белгілерін айқындап, оны бейнелі сипатқа ие етіп, көркем өрнектермен, әсерлі әуендермен әшекейлейді. Соның нәтижесінде жалпы теңеулік фраза жоғары көркемдік сапаға ие болып, оқырман сезімін қытықтап, қиялын әлдилейді. Мысалы: «Шөл даланы жарып аққан дариядай игілік өмір үзілді»(М.Әуезов).

Қазақ тілінде эпитеттің өрісі өте кең, соған орай семантикалық мағынасының икемді, стильдік иіндерінің мол, эмоциялық әсерлерінің сан алуан екенін көреміз. Бұған жоғарыдағы көрсетілген эпитеттің түрлерін ұштастырсақ, онда жалпы эпитеттің семантикалық қуаты артып, стильдік қарымы ұзара түседі. Сондықтан жоғарыда аталып кеткен эпитеттің түрлері арнайы зерттеулерді қажет еткендіктен біз осы айтылған мәселелермен шектелеміз.

Эпитет – тіл табиғатында тұтасқан терең тамыр тартып, матасқан, өркен жайған, сөйлеу өнеріміздің барлық саласынан бой көрсететін жалпы тілдік категория. Заттардың , я құбылыстардың ішкі сыры мен сыртқы көрінісін, сыр – сипатын, оқушының көз алдына елестететіндей етіп, нақыштап беруде эпитет тиімді тәсіл. Эпитеттер кейіпкер портретін бейнелеуде ерекше орын алады. Олар адамның алуан түрлі жағдайына, сыртқы кескініне ішкі сарайына, мәдени дәрежесіне, жан – сезіміне, іс - әрекетіне, өмір тәжірибесіне баға беріп, сөйлемді экспрессивтік мәнге ие етеді. Мәселен: Мінеки, көк сұр келе қалпағының астынан қара бұйра шашымен тышқан көзі бірдей көрініп, мұрты қырылған көк аяз ерні өтірік жымыңдап, жуан портфелін қолтықтап, әсем киімді Төлегеннің өзі келді. (Ж.Арыстанов, Ақбілек).

Осындай тышқан көз, таңқы мұрын, бадырақ көз, шұнақ құлақ, кірпі шаш, қарыс маңдай деген тұрақты эпитеттер кейіпкер портретін бейнелеуде шебер қолданыс тапқан. Сондай – ақ, табиғатта болатын сан алуан құбылыстардың образды, бейнелі етіп көрсетуде эпитет тілдік бояу болған. Эпитетті тек адам портретін жасауда, табиғаттың әсем суретін бейнелеуде ғана пайдаланбаймыз, оны өмірдегі барлық құбылыстарды бейнелі, образды түрде жеткізуде қолданамыз. Көптеген шығармаларда бірсыпыра жалпылама сөздер эпитет қатарына тартылып, поэтикалық сөз айшығы болғаны көп – ақ.

Қазақтың батырлық жырларының зерттелу тарихына мән беріп, мұқият қарағанымызда көптеген ғалымдардың назар аударған мәселелері жырдағы сөз көркемдігі екен. Соның бір саласын эпикалық шығармадағы эпитеттер құрайды. Батырлық жырларға қатысты сөз қозғаған А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов еңбектерінде эпитетке қатысты пікірлер айтылған. Батырлық жырларға кеңірек орын берілген «Қазақ әдебиеті тарихы» және белгілі ғалымдар Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов, Е. Ысмайылов, Ә. Қоңыратбаев т.б. зерттеулерінде эпитеттер мен теңеулерге байланысты тұжырымдар орын алған. Алайда батырлық жырлардағы тіл өрнегі тереңірек үңілген поэтикаға қатысты зерттеулер екендігіне талас жоқ. Бұны белгілі «Қобыланды батыр» жырының поэтикасы жөніндегі О.А. Нұрмағанбетованың және «Батырлық жырлардың поэтикасын» тереңдей зерттеген Ш. Ыбыраевтың еңбектері дәлелдейді.

Қазақ әдебиетіне қатысты теориялық және жекелеген шығармаларды талдауларда эпитетке қатысты тұжырымдар қалыптасқанын, соның нәтижесінде рухани

мұраларымыздың көркемдік ерекшеліктерін саралауда эпитетке байланысты айтылған ұсыныстар мен толғамдар турасында да сөз қозғауды жөн көрдік. Осы тұрғыдан алғанымызда шығарманың көрнекі тілі жөнінде терең түсінік қалыптастырып, оның түрлі әдістерін нақтылай көрсеткен алғаш еңбектің негізі А. Байтұрсыновтан басталады дегенге тоқталдық.

А. Байтұрсынов айтқан тұжырымды «Әдебиет теориясы» атты еңбегінде белгілі ғалым Қ. Жұмалиев те анықтай түскен: «Тұрақты эпитет деп көпшілігіне сол нәрсеге тұрақталып, бекілген эпитеттерді айтады. Мысалы: «Қызыл ту», «қызыл әскер», «шұбар түс» т.б.».

Сонымен қатар, әдебиет теориясына арналған еңбекте, эпитет болатын сөз көбіне сын есім, кейде зат есімдер мен есімше, көсемше етістіктер арқылы затты анықтайтын сөздер болатындығы түсіндіріледі. Тұрақты эпитеттермен қатар, қазақ поэзиясында күрделі эпитеттер қолданылатындығын анықтай түсіп, оның жасалу жолдарын Қ. Жұмалиев өзі көбірек назар аударған Абайдың өлеңдерінен мысалдар келтіріп дәлелдеген.

Ғылымдағы тың тұжырымдардың байыпты бағалануы және дәйекті дәлелденуінің бір негізі эпитеттерге байланысты болып келетіні, көркем дүниелерімізден соны танудың жолдарын түсіндіретін ізденістер барлығына көз жеткізе түстік. Соның енді бірі – академик З. Ахметовтің еңбегі. Ғалымның жалпы рухани мұрамыздың сөз кестесі мен тіл өрнегіне қатысты байыпты пікірлері ғылымда қуатталып, көркем шығармалардың поэтикалық тілдік ерекшеліктеріне қатысты тексерулерде орынды аталып жүр. Қазақтың өлең құрылысының сан – салалы екендігін айтқан З. Ахметовтің еңбегінде эпитетке қатысты мынадай пікір айтылады: «Халықтық поэзияда белгілі бір ұғымға үнемі қатарласып айтылатын тұрақты эпитеттер көп кездесетіні белгілі. Мұның өзі кездейсоқ құбылыс емес.

Халық поэзиясында бейнелі сөз түрлері, сөз нақыштары сан жағынан жазба әдебиеттегідей мол болмағанымен, оның есесіне жиірек қолданылады. Халықтық өлең – жырларда бейнелі сөздердің берік орнығып, тұрақталғанын әбден екішелеп, сұрыпталғанын, поэзияның тіл кестесіне хас үлгі – нақыштар болып қалыптасқанын байқаймыз.

Сондықтан халықтың өлең – жырларындағы әр эпитет, теңеу, метафора, кейіптеу, символ секілді сипаттау, салыстыру, көріктеу тәсілдеріне байсалдылықпен қарап, тексерудің олардың халық тілінің халық поэзияның сөз кестесіне тән өзгешеліктерін біліп – түсінудің мәні зор». Қазақтың батырлық жырлары жөніндегі зерттеу еңбектерде көбіне эпитеттер батырдың сауыт – сайманы, түр – тұлғасына, жан серігі – тұлпарына, сүйген жарына т.б. қатысты ұшыратамыз.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» атты көп томдықтың алғашқы томындағы батырлық жырына арналған тараудағы образдық талдауларда М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов, Ә. Қоңыратбаев, О. Нұрмағанбетова, Ш. Ыбыраев т.б. зерттеушілер айқындаудың тұрақты үлгілерінің кездесу себептеріне қатысты пайымдаулар жасаған.

Ақын жыраулар қолданған эпитеттердің бірі – «ақ»: «Ақ мамығын таранған», «Аппақ мәрмәр інжуі» (Асан қайғы), «ақ желкен», «ақ қағаз», «ақ ала тау», «ақ ала жылқы», «ақ киік» (Шалкиіз) «Ақ ала ордам қонған жұрт» (Қазтуған), «ақ білегін жастанып», «ағарып атқан танды деп», «Ақ Жайық», «ақ балта», «ақ найза», «ақ шымылдық» (Доспамбет) «Ақ табан ару торы ат» (Ер Шобан), «Ақ кірпіш тас, суда бар» (Бұқар), «ақша бет» (Шал ақын). Осы аталған эпитеттердің дені батырлық жырларда кездесетіндігін білуге болады.

Ендігі бір мәселе батырлық жырларда «ақ» түске қарама – қарсы «қара» түспен ажарландыратын айқындаулар мол екендігін көрсетеді. Анықтай қарасақ, қара түстің көбінде реніш пен қайғы, жексұрындық пен жауыздық, дойырлық пен дарақылық анықтала түсетіндей. Мысалы: қара жылан, қара жол, қара найза, қара дәу, Қаражан, Қараман, қара қой, қара көзді, қара бет т.б. ұғымдары таза көңіл, пәк пейіл, ақ жүрек,

жайсаң мен жомарт дейтін түсініктермен ешқашан ымыраса алмайды. «Қобыланды батыр» жырының Мұрын Сеңгірбаев айтатын нұсқасындағы «Қара киізді үйлер», «қара қойдың етін жеу» дегендердің бәрі де бірдей үрей тудырып, тыңдаушылардың бірден қабағына кірбің ұялатады.

Ал, жырдағы «көк» түстің берілуінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Қазақ ұғымында «жасыл» түстің өзі көбіне «көк» эпитетімен беріледі. «Жасыл жапырақ», «жасыл құрақ», «жасыл шалғын», «жасыл шөп», - деп атамай, оның бәрі «көк» түспен анықталады. Бұның бәрі де түс атауын нақты бере алмағандықтан емес, дәстүрлі түсініктен туған ерекшелік. Жердегі жасыл шөптің түсін анық біле тұрып, ақын – жыраулар өлеңдерінде де «көк шөп» деген айқындаулардың қолданылуы ежелгі қалыптасқан ұғымның белгісін анықтай түседі. Батырлық жырындағы «көк алалы шалғын», «көк шыбын», «көк құтан», «көк орайлы шалғын», «көк тау» т.б. соның дәлелі бола алады. Батырдың мінген атын ерекшелеп, ажарлай түсу үшін «көк» түс үстемелей қосылады.

Ал, тұрақты эпитеттің үлгісі болып табылатын «қызыл», «сары» түспен айқындаулар дәстүрлі қолданыста жүреді. Көбіне «қызыл» мен «сары» түс батырлардың жекпе – жектері мен олардың сүйікті жарларына, сұлу қыздың киген киімдеріне қатысты қолданылады.

